

# Тақырып: Болмыс және адам философиясы

## Жоспар:

1. Философия тарихындағы болмыс мәселесі.
2. Болмыстың мәні мен формасы
3. Материя мен оның өмір сүру түрлері
4. Философиядағы адам мәселесі.

**Болмыс ұғымы** – философияның ең ежелгі әрі маңызды категорияларының бірі. Ол жалпылай алғанда «бар болу», «өмір сүру» проблемасын қамтиды. Бар болудың қарама-қарсы ұғымы, әрине, жоқ болу. Ендеше, болмыс туралы айтқанда болмыссыздық ұғымын қоса еске алған жөн. Олар өзара тұтастықта, ажырамас ауыспалы диалектикалық байланыста.

Философия тарихында болмыс ұғымын тұңғыш пайдаланып, оны мәселе ретінде қарастырған **көне грек ойшылы Парменид (б.з.б. VI-V)** еді. Оның пікірі бойынша, болмыс дегеніміз – бар болу, өмір сүру, одан басқа ештеңе жоқ, ал жоқ болу – болмыссыздық.. Парменид әлемнің болмыс есебінде тұтастығына, тұрақтылығына, мәңгілігіне, ең бастысы бар болуына, өмір сүретіндігіне көңіл бөледі.

**Неміс классикалық философиясының аса ірі өкілі Г. Гегель** шынайы болмыс – «абсолютті идея» деп тұжырымдады. Платон арнасын жалғастыра отырып, болмыс мәселесіне объективті идеализм тұрғысынан келгенімен, ең бастысы, болмыс ұғымына диалектикалық сипат беріп, даму процесінде қарастырды. К. Маркс пен Ф. Энгельс философияға «қоғамдық болмыс» деп аталатын жаңа түсінік енгізді. Қоғамның қызмет атқаруы, өзгерісі мен дамуы объективті заңдылықтарға бағынады және оның материалдық негізі бар, деп тұжырымдады олар.

**Болмыстың 3 мәні және 4 формасы бар.**

**1 Мәні : 1 – болмы – болу, бар болу, өмір сүру.  
«Я есть» ескі славян тілінде, «болмыс»  
қазақша.**

**2 Мәні: болмыс мәселесі өмір мен өлім  
мәселесі сұрақтарын қарастырады.**

**3 Мәні: дүниенің бірлігін мәселесі. Дүние көп  
түрлі, ал осы көп түрліліктің бірлігі бар ма?  
Екі жауап беріледі: «Иә» не «Жоқ». «Иә» деп  
материализм, идеализм, біртұтас дүниеге  
көзқарастағылар жауап береді..**

**Материалистер дүниенің бірлігі оның  
материалдығында, яғни, оның объективтік  
өмір сүруінде. (адамнан тәуелсіз).**

Идеалистер дүниенің бірлігі ойлаудан тұрады— біз ойлаймыз дүние бірлікте. Ол туралы Энгельс әзілдеп былай деді: біз етік щеткасын сүт қоректілермен бір қатарға қойсақта оның сүт бездері өсіп шықпайды. Біртұтас дүниеге көзқарастағылар дүниенің бірлігі оның материалдығының және руханилығының бірлігінде деп түсіндіреді.

«Жоқ» - деп дуализмдегілер жауап берді. Декарт екі субстанцияны – табиғат пен Құдайды қарастырады, сол себепті дүниенің бірлігі болмайды.

#### **4 болмыстың түрі: дүние, сана, адам, қоғам.**

**1) Дүние болмысы екі деңгейде: 1 деңгей – бірінші табиғат болмысы, ол объективті сипатта, адамзаттан және адамнан тәуелсіз.**

**2 деңгей – болмыстың 2ші деңгейі адам келбетті табиғат, объективті-субъективті-әлеуметтік сипатта. Адам жасаған әлеуметтік дүние туралы.**

**2) Сана болмысы 2 деңгейде: 1 деңгейде – индивидтің жекеленген санасы. Ол қоғамдық сананы тудырады.**

- 2 деңгей- объективтірілген сана-қоғам санасы, ол субъективті-объективті сипатта. Мысалы, Құрманғазының “Балбырауын” күйі объективтірілген санаға айналған. Автор жоқ, ал күй өмір сүруде. Объективтенген санаға: саяси, құқықтық, моральдық, эстетикалық, діни, философиялық.



- Болмыстың 3 түрі – адам болмысы, ол да 2 деңгейде өмір сүреді. 1 деңгей-адамның физикалық болмысы, оның тән саулығы. А.Шопенгауэр “Денсаулық өмірдің барлық байлығының ең жоғарысы, шындығында, сау қайыршы, ауру патшадан бақытты.” деп айтқан
- Кеңес үкіметі кезеңінде денсаулық мемлекеттік құндылық болған жоқ.

2 деңгей – жандық – руханилық. Ол жан және рух ұғымдары арқылы түсіндіріледі.

Жан – адамның дүниеге деген психоэмоциялық қатынасы. Жанның 3 түрі бар – романтикалық (дүниені сұлу не сұрықтыс ретінде қарастырады), адамгершілік (дүниені мейірімді не зұлым ретінде түсінеді), прагматикалық (ситуациялық). Рухтың 3 түрі бар. Рух – адамның дүниеге теориялық қатынасы.

Рухтың 3 түрі: Эстетикалық(дүниені сұлу не сұрықсыз деп түсінеді),  
Этикалық (дүниені мейірімді не зұлым ретінде түсінеді), ғылымилық (дүниені мейірімді не зұлым ретінде нақты жағдайды есепке ала отырып түсінеді).

Адам руханилық пен материалдықтың бірлігі.

Болмыстың 4 түрі – қоғам болмысы екі деңгейде өмір сүреді: адам болмысы индивид ретінде – жалпы қоғам тұрмысы мен болмысы – ол материалдық құндылықтарды өндіру

*Материя- дүниені адамның санасынан тыс, әрі тәуелсіз объективті шындық деп қарайтын дүниетанымның түп қазығы, мән мағынасы болып табылатын, және сана арқылы бейнеленетін әмбебап категория.*

*Бұл анықтамада материяның негізгі белгілері айқын көрсетіледі: 1) материя адам санасына тәуелсіз өмір сүреді; 2) ол адам санасында бейнеленеді; 3) материя санаға қарағанда бірінші, бастапқы екендігін білдіреді; 4) материалдық дүниені танып білуге болатындығын көрсетеді.*

Қозғалыс-материяның ең маңызды, жалпыға ортақ атрибуты, оның өмір сүру тәсілі. Дүниеде қозғалыссыз материяның болмайтыны сияқты, материясыз қозғалыстың болуы да мүмкін емес.

Егер қозғалыс болса, ол “бірдеменің” қозғалысы, “ештененің” қозғалысы емес, қозғалыс “өзінен өзі” болмайды. Кеңее беретін Ғаламда планеталар әр түрлі жақтарға “екпіндейді”, оларды (спутниктар) серіктер айналып жүреді, (кометалар) құйрықты жұлдыздар мен метеориттер жан-жаққа зымырайды, шексіз ғарышта әр түрлі толқындар сейіледі. Органикалық жүйелер де үздіксіз қозғалыста болады: зат алмасу, информация алмасу, ұрықтау және көбейю, қарапайым физиологиялық және күрделі биологиялық өзгерістер өтіп жатады. Әлеуметтік жүйе де өзгерістерге ұшырайды, мұнда ең біріншідең адамның өзгерістері және онто- және филогенез процесстеріндегі адамзат өзгерістері.

*Кеңістік пен уақыт материяның ажырамас қасиеттері, атрибуттары; өмір сүру формалары. Әлемде қозғалыстағы материя ғана бар дедік, ендеше ол қозғалыс кеңістікте және уақытта ғана іске асады, өзін айқындайды, мәнге ие болады. Философия мен ғылымда бұл мәселеге әртүрлі қозқарастар болды.*



*Субстанционалдық тұғырнама- көне грек атомистерінің басталған (Евклид геометриясы, Демокрит пен Эпикур кеңістікті атомдарды орналастыратың бос қуыс деп ұқты) кейінгі ғалымдар мен ғалымдар идеяларында жалғасын тапты, олар әлем жайында механистік көзқарысты ұстады – кеңістік бұл барлық заттар жойылғаннан кейін қалатының бәрі. Ол- бос қуыс, оның қасиеттері қашықтықта созылу және өзінде бүкіл бар материяны сыйдыру. Ал, уақыт- ештеңеге қатысы жоқ, ағым, бәрі де пайда болып және жойылып жататың біркелкі ұзақтық.*

# Материяны ұйымдастыру деңгейлері



## Философиядағы антропология мынаны зерттейді:

- Адам табиғаты
- Антропогенез
- Адамның өмір сүру проблемасы
- Адамның рухани дамуы
- Эволюцияның перспективті жақтары
- Адамның бостандық және міндеттемелері;
- Антропологиялық биоэтика проблемалары

# Ежелгі Шығыстағы адам мәселесі:

Үндістан	<ul style="list-style-type: none"><li>• Адам проблемасы нравственность тұрғысынан шешілді.</li><li>• Адамды осы өмірдің құндылықтарынан –аскетикалық өмір формасымен аластатуға болады.</li><li>• Тек қана адамға сансара арқылы бостандыққа жету тән.</li></ul>
Қытай	<p><u>Конфуций:</u></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Аспан концепциясы;</li><li>• «Өзіңе не қаламасан, басқаларға соны істеме» ұстанымы. (Не делай людям того, чего не пожелаешь себе)</li></ul> <p><u>Лао-цзы:</u></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Дао ілімі негізінен табиғат заңдылығы, қоғам және адам ойтолғануы жайлы.</li><li>• «увэй» принципі</li></ul>

# Көне Греция философиясындағы адам мәселесі

## Софисттер:

- “Адам барылық заттың шегі» (Человек есть мера всех вещей”) (Протагор);
- релятивизм және субъективизм;
- Ақиқаттың экзистенциальді мағынасы ашылды

## Сократ:

- Этикалық рационализм;

## Платон:

- Тән мен Жанның антопологиялық дуализімі;
- Жан ол жаңа ойларға бағытталған субстанция болады, ал ол өз алдында адамды адам етеді.

## Аристотель:

- “Адам- сана қабілеті дарыған, қоғамдық жануар» (Человек - это общественное животное, наделенное разумом”);

# Ортағасырлық христиандық адам концепциясы

- Адам- құдай орнатқан әлемнің бір бөлігі ретінде қарастырылады;
- Адам "Құдай образы және оған ұқсас»;
- Құдаймен салыстырғанда адам ұсақ әрі дәрменсіз жаратылыс;
- Адамның мақсаты- Құдайға сену және Қиямет күні сол арқылы көмек табу;

# Қайта өрлеу және Жаңа заман философиясындағы адам мәселесі.

- Адам әлемде орталық орынды алады. (Пико делла Мирандола);
- Әр адам өз бақытының басшысы - адам ой бостандықта болу керек;
- Жалпықоғамдық бәсекелес - «адам-адамға - қасқыр» (Т.Гоббс);
- Антропологиялық рационализм: «Мен ойлаймын, демек өмір сүремін» (Р.Декарт);
- Адамға механикалық тұрғыдан қарау: «Адам-машина» (Ж.Ламетри)

# Неміс классикалық философиясы адам жайлы:

- Адам - философиядағы негізгі сұрақ, адам әлемдегі басты құрылым (И.Кант);
- Адам басқа тіршіліктен ойлаумен ерекшеленеді. (И.Фихте);
- Адам рухани субъект ретінде және жалпы жан және сананың иесі (тасушысы) (Г. Гегель);
- антропологиялық монизм (Л.Фейербах)



# Антропогенез негізгі концепциялары:

Түрлері	Концепцияның негізгі идеялары	Өкілдері
Теологиялық концепция (креационизм)	Құдай адамды жаратады	Христиандық теология және т.б
Биологиялық эволюция концепциясы	Адам өзінді жолмен дамып жетілді	Ж.Ламарк, Ч.Дарвин, Ф.Энгельс и др.
Космостық эволюция концепциясы	Астральді және биологиялық организмдер эволюциясы	Махатмы, Е.Блаватская, Е.Рерих и др.

# Адамның биологиялық және әлеуметтік дамуының қарым қатынасы

- Биологиялық эволюция қазіргі уақытта өзінің өзектілігін (актуальность) жоғалтты;
- Сондықтан әлеуметтік -мәдени эволюция арқылы адам дамуда;
- Генетикалық ақпарат өз басты рөлін (значение) жоғалтып, және әлеуметтік ақпаратпен алмастырылуда;
- Қазіргі уақыттағы адамға қауіпті дамыған әлемдегі экологиялық проблемалар;

# Адамның әлеуметтік және биологиялық дамуындағы көзқарастар;

## ПАНБИОЛОГИЗМ

- Адамдардың мүкіндігі толықтай генмен байланысты деп сандайды;



## ПАНСОЦИОЛОГИЗМ

- Барлық адамдар бірдей генетикалық құрылыммен дүиеге келеді, ал олардын мүкіндіктерінің дамуына басты рөлді тәрбие мен білім алу ойнайды деп санайды;

# Адамның спецификалық ерекшелігі

Барлық тірі ағзалар, соның ішінде адамды да, барлығына ортақ жүйлі түрде Байланысқан заңдылықтарға бағынады.

Және жалпы биологиялық заңдылықтарға **Бірақ адам биологиялық құндылықпен қатар басқа да құндылықпен ерекшеледі**



# Адам феномені

## «Тұлға» ұғымы

- әлеуметтік қасиетінің  
ТОЛЫҚТЫҒЫ

## «Индивид» түсінігі

- Адамдар тегіне жататынын  
- көрсетеді

Адам  
феномені

## «Адам» ұғымы

- Қоғамдық қарым қатынас  
бірлестігі

«индивидуальділік» түсінігі  
Басқалардан бөлек онтогенез  
кезінде алған  
физикалық психологиялық  
ерекшеліктері.

Осы индивидті басқалардан бөлуші



**Назарларыңызға  
а  
рахмет!!!**